

Линдавит *вижн*

ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПА

Осы тағамға биологиялық белсенді қоспаны қолдану алдында нұсқаулықты толығымен мұқият оқып шығыңыз, себебі, нұсқаулықта Сіз үшін маңызды ақпарат бар.

Құрамы: 1 капсуланың құрамында:

Белсенді заттектер:

Лютеин (ұсақ гүлді барқытшөп сығындысы 20%)	6,0 мг
Е дәрумені (D-альфа токоферол ацетат)	5,0 мг±TE
β-каротин	1,5 мг
Зеаксантин	1,0 мг
Астаксантин	1,0 мг

қосымша заттектері: микрористалдық целлюлоза, магний стеараты, кремний диоксиді

капсула: желатин, титан диоксиді, темір оксиді.

Қолдану аясы:

Линдавит Вижн тағамға биологиялық белсенді қоспасы көзге және көруге қорғаныстық және оңтайлы әсер етеді.

Лютеин, Астаксантин және Зеаксантин табиғатта макулада (сары дақ) және торқабықтың каротиноидтарында кездеседі. Олар көз тіндерін күн сәулесінің зақымдауынан қорғайды. Сондай-ақ, олар көздің жасқа байланысты ауруларын емдеуде, көздегі қантамырлар мәселесінде және жоғары қан қысымында тиімді. Лютеин, Астаксантин және Зеаксантин линзалардың жасушаларын тотығудан сақтайды, олардың айқындығын сақтайды және торқабықта шоғырландыруды қолдайды. Олар көруді қолдайды және қабынуды басуға көмектеседі.

Е дәрумені – майда еритін дәрумен, сондай-ақ, күшті антиоксидант. Көздің сау тінін бұзатын, бос радикалдар аталатын тұрақты емес молекулалардың салдарынан туындайтын зақымдануды азайтады. Адам организмі Е дәруменін оған қажетті мөлшерде өндірмейді. Сондықтан, Е дәруменін күнделікті тұтыну Сіздің рационыңыз үшін қажет. Линдавит Вижн тағамға биологиялық белсенді қоспасын қабылдау көздің жақсы денсаулығы үшін маңызды.

Қолдану тәсілі:

Линдавит Вижн ішуге арналған, күніне 1 капсуладан, тағамға қосып, аздаған сұйықтық ішумен қабылдау қажет. Ұсынылатын тәуліктік мөлшерлемесінен асыруға болмайды.

Тағамға биологиялық белсенді қоспа алуан түрлі және үйлесімді тамақтануды алмастыру үшін қолданылмайды.

Қарсы көрсетімдері:

Препараттың құрамбөліктеріне асқан сезімталдық.

Егер қандай да бір құрамбөлікке аллергия болса, қолдану алдында дәрігердің мақұлдауы қажет.

Жүктілікте және бала емізу кезеңінде қолданылуы:

Егер Сіз жүкті немесе бала емізетін болсаңыз, қолдану алдында дәрігермен кеңесіңіз.

Босатылу шарттары: рецептсіз.

Шығарылу түрі және қаптамасы:

10 капсуладан блистерде, 3 блистерден мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қаптамға салынған.

Сақтау шарттары: тығыз жабылған қаптамасында, күн сәулесінен қорғалған, 15 - 25°C аралығындағы температурада сақтау қажет. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау қажет!

Жарамдылық мерзімі: 36 ай.

Қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Сауда белгісінің иесі:

Belinda Laboratories LLP,
Лондон, Ұлыбритания

Өндіруші:

FORTEX NUTRACEUTICALS Ltd.,
10, Prohladenkatstr, Suhodol distr.,
София 1362, Болгария

Тұтынушылардан шағым-талаптарды қабылдауға өкілетті ұйым:

«Cepheus Medical» ЖШС (Цефей Медикал)
050000, Алматы қ, Панфилов көшесі, 98 үй, «OLD SQUARE» БО
тел: +7 (727) 300 69 71, e-mail: cepheusmedical@gmail.com

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік №:
КЗ.16.01.95.003.Е.000847.10.17

